# Асык ату

Автор: Administrator

Thursday, 14 January 2016 10:50 - Last Updated Friday, 15 January 2016 12:14

## Асық ату



Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделген. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, балалар ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады.



Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ептілікке, ұстамдылыққа тәрбиелейді. Асық атудың жарысы ҚР Спорт және дене шынықтыру агенттігінің және ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығымен бекітілген «Асық ойынының ережесі» бойынша өткізіледі.

Асық — төрт түлік малдың тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінде болады. Алшы — асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі. Тәйке (тәуекел сөзінен шыққан) — асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие. Бүге (бүк түсіп жатуы) — асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие. Шіге (шік) — асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие. Тұрық — асықтың алшы не тәйке түсуі. Омпы — асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі. Сомпы — асық тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі. Табан — асықтың тәйке жағы. Оңқай — асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады. Солақай — асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ аяғының тілерсегінде болады. Сақа — қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Сақа деп арқардың асығын атайды. Құлжа — арқардың аталығының асығы Жабайт — еліктің асығы



Асық ойынының «тақталық" түріне: «Хан» немесе «Ханталапай», «Хан ату», «Құлжа ату»; «Құмар»; «Қақпақыл»; «Қаржу» немесе «Қаржымақ»; «Сасыр»; «Төрт асық«; «Бес тас»; «Бес асық«; «Иірмекіл» т.б. жатады. Асық ойынының «алаңдағы» түріне: «Арқаласпақ«; «Алты атар»; «Омпа»; «Кетсін бір»; «Шыр»; «Бәйге»; «Алшы»; «Бес табан»; «Көтеріспек (Атбақыл)» т.б. жатады



**Рахметов Ескендир Серікұлы**
Асық атудан жаттықтырушы



**Исламбеков Марат Калшыбайұлы**
Асық атудан жаттықтырушы







Астана қаласы әкімдігінің «Жігер» спорттық клубы» МКҚК
2015 жылы өткізілген спорттық іс-шаралар туралы ақпарат

| № | Іс-шара атауы | Өтетін орны, мерзімі | Қатысушылар, командалар саны/ адам саны | Нәтижесі | Жаттықтырушы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | Қалалық | | |
| 1 | Астана қаласының Ашық чемпионаты | 04.10.2015 ж. Астана қаласы | 32 | Айдарбеков Самат – 1 орын, Жұмагулов Аділхан – 2 орын, Алпысбаев Сағидам – 3орын | Разметов Е.С. |
| 2 | «Astana Cup» халықаралық турнир | 12.06.2015 ж. Астана қаласы | 25 | Жалпы командалық - 2 орын Муканов Бекзат - 1 орын Жаманбай Қолқанат - 2 орын | Разметов Е.С. |
| 3 | Қазақстан Республикасы Чемпионаты | 06.06. - 09.06. 2015 ж. Арқалық қаласы | 15 | Жалпы командалық – 3 орын Разметов Ескендір - 3 орын | Исламбеков М. |
| | | | Республикалық | | |
| 1 | Жастар арасында Қазақстан Республикасы Чемпионаты | 19.08-24.08.2015 ж. Тараз қаласы | 4 | Исламбеков Р. – 4 орын Жаманбай К. – 4 орын Жарлықасын Н. - 4 орын Сүйінтай Ү. – 4 орын | Разметов Е.С. |
| 2 | IV Ұлттық ойындар фестивалі | 15.10-19.10-2015 ж. Қызылорда қаласы | 3 | Жалпы командалық – 2 орын | Разметов Е.С. |
| 3 | Қазақстан Республикасы Кубогі | 19.10-20.10-2015 ж. Қызылорда қаласы | 4 | Жалпы командалық – 2 орын | Разметов Е.С. |
| | | | Халықаралық | | |
| 1 | Асық атудан халықаралық турнир | 02.07.-04.07 .2015 ж. Астана қаласы | 4 | Исламбеков Марат – 1 орын Жарылқасын Саягүл - 3 орын | Разметов Е.С. |